



230

Әкімдіктің
2021 жылғы 5 қаңтардағы
№ 22 қаулысымен
бекітілген

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Рудный қаласы білім бөлімінің № 17 жалпы білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
жарғысы**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласы білім бөлімінің № 17 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме), білім беру қызметін жүзеге асыру үшін құрылған ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы мекеме, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.
2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.
3. Мемлекеттік мекеме Қостанай облысы әкімдігінің «Рудный қаласының мемлекеттік білім беру мекемелерін қайта атау туралы» 2021 жылғы 5 қаңтардағы № 22 қаулысымен қайта аталды.
4. Мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Қостанай облысының әкімдігі болып табылады.
5. Мемлекеттік мекемеге байланысты мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган «Қостанай облысының әкімдігі (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) болып табылады.
6. Мемлекеттік мекеменің атауы: Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласы білім бөлімінің № 17 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
7. Мемлекеттік мекеменің орналасқан мекенжайы: 111500, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Рудный қаласы, Парк көшесі, 104 құрылысы.

2-тарау. Мемлекеттік мекемесінің заңды мәртебесі

8. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы бар бланкілері, мөрине ие.
9. Мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасынан тыс басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушы) бола алмайды.

10. Мемлекеттік мекеменің өзінің міндеттемелері бойынша өз игілігіндегі қаржы қаражаттарына жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған жағдайда оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе кімшілік- аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражаттарымен субсидиарлық жауап береді.

11. Мемлекеттік мекеменің азаматтық- құқықтық келісімдері Қазақстан Республикасы қаржы Министірлігінің қазыналық аймақ бөлімшелерінде міндетті түрде тіркелу кезінен кейін өз күшіне ие болады.

3-тарау. Мемлекеттік мекемесі қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ білім тушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білім берудің оқу бағдарламаларын, ертепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын қамтамасыз етуге асыру, қолжетімді сапалы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді қамтамасыз ету болып табылады.

13. Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты жалпы білім беру бағдарламалары мазмұнының міндетті минимумын игеру, білім алушылардың қоғам өміріне әлеуметтік бейімделуі негізінде білім алушылардың жалпы ғылыми және жалпы мәдени даярлығын қалыптастыру, кәсіпті, еңбек қызметін саналы түрде таңдау және игеру үшін негіз жасау, азаматтыққа және Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу болып табылады.

14. Мемлекеттік мекеменің міндеттері:

1) құзырлы тұлғаны қалыптастыру мен дамытуға бағытталған, оқыту бағдарламаларын игеру арқылы оқушыларда функционалды сауаттылықты дамытуға жағдай жасау;

2) оқушылардың мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарымен белгіленген базалық ғылым негіздерін алуды қамтамасыз ету;

3) тұлғаның шығармашылық, рухани және дене бітімі мүмкіндіктердің дамыту, салауатты өмір салты мен берік адамгершілік негіздерін қалыптастыру;

4) азаматтыққа және Отансүйгіштікке, өз Отаны- Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу, мемлекеттік рәміздері мен мемлекеттік тілге деген құрметі, халық дәстүрлерін қадірлеу, қоғамға қарсы, конституцияға қарсы пиғыл көріністеріне төзімсіздік танытуға тәрбиелеу;

5) республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, тұлғаның өз құқығы мен міндеттеріне саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, белсенді азаматтық ұстанымы бар тұлғаны тәрбиелеу;

6) Қазақ халқының және де Қазақстан Республикасында тұратын басқа халықтардың тарихын, салт- дәстүрлерін оқып, отандық және әлемдік мәдениет етістіктеріне араластыру;

7) ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін жағдайлар жасау;

15. Өз мақсаттарына қол жеткізу үшін мемлекеттік мекеме төмендегідей қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру;

2) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру;

3) қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру;

16. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың білім алуы, дамудың ұзылуын түзету және білім берудің барлық деңгейлерінде әлеуметтік бейімдеу үшін арнайы жағдайлар жасау.

17. Мемлекеттік мекеме білім беру қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген лицензия негізінде жүзеге асырады.

18. Мемлекеттік мекеме осы Жарғыда бекітілген қызметтің мәні мен мәніне қай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға құқылы емес.

19. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңдарында немесе ұрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі басқару органының, прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4- тарау. Мемлекеттік мекемені басқару

20. Мемлекеттік мекемеге жалпы басшылықты Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының «Рудный қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі бұдан әрі – білім бөлімі) жүзеге асырады.

21. Жергілікті атқарушы орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мемлекеттік мекеменің атына мүлікті бекітеді;

2) мемлекеттік мекемесінің жарғысын, оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді;

3) мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

4) өзіне осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

22. Басқарушы орган:

1) мемлекеттік мекеменің қаржыландыру жоспарын бекітеді;

2) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

3) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, қалыптастыру тәртібін және өкілеттіктерінің мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;

4) мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттерін және қызметкершілігін, оны атқаратын қызметінен босатудың негіздерін белгілейді;

5) мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штат санын бекітеді;

6) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;

7) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті қайта қолдануға немесе қайта бөлуге жазбаша келісім береді;

8) өзіне осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

23. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мекемесінің басшысы білім бөлімімен лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

24. Мемлекеттік мекеменің басшысы білім бөлімінің келісімі бойынша басшының қызметіне тағайындайды және қызметтен босатады.

25. Мемлекеттік мекеменің басшысы мемлекеттік мекеменің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, білім бөліміне тікелей бағынады, мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өзіндік функцияларын жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

26. Мемлекеттік мекеменің басшысы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өзіндік қызметіне сәйкес дербес шешеді.

27. Мемлекеттік мекеме басшысының мемлекеттік мекеменің жарғылық емес қызметті жүзеге асыруына бағытталған іс-әрекеттері еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғады.

28. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеменің қызметін орындау кезінде мемлекеттік мекеменің басшысы:

1) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүдделерін білдіреді;

3) шарттар жасасады;

4) сенімхаттар береді;

5) мемлекеттік мекеменің іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді Қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың өзге де түрлері жөніндегі жоспарларын бекітеді;

6) банк шоттарын ашады;

7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

8) жергілікті атқарушы органымен тағайындалған қызметкерлерден басқа, мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан қосады.

9) белгіленген тәртіпте мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады;

10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және мемлекеттік мекеменің өзге басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік аясын айқындайды;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, жергілікті атқарушы органымен және осы Жарғымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5-тарау. Іске асырылатын білім бағдарламаларын тізімі

29. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесіне бастауыш, негізгі орта және жалпы орта (толық) білім беру бағдарламалары, қосымша білім беру бағдарламалары, мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеудің жалпы білім беру бағдарламалары кіреді.

30. Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу іс-әрекетінде тәуелсіздігі мен іскерлігін: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын бейіннен игеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қарым-қатынас қабілеттерінің, шығармашылық өзін-өзі іске асырудың, мінез-құлық мәдениетінің қалыптасуына бағытталған.

31. Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылым жүйесінің базистік негіздерін меңгеруіне, оларда қолдануға араласу және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке адамның өзін-өзі айқындауына және кәсіптік бағдарлануына бағытталған.

Жалпы білім беретін оқу бағдарламасы білім алушылардың бейіналды қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған.

32. Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары таратылыстану-математикалық бағыт бойынша бейіндік оқытуды енгізе отырып, білім беру мазмұнын саралау, кіріктіру және кәсіптік бағдарлау негізінде әзірленеді.

33. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылар, оның ішінде үйде білім алушылар үшін қажеттіліктеріне сәйкес үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламалары негізінде жеке оқу бағдарламалары әзірленеді.

34. Жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларын мемлекеттік мекеменің басшысымен бекітіледі.

35. Мемлекеттік мекемеде қосымша білім беру бағдарламалары іске асырылады.

6-тарау. Мемлекеттік мекемесіне қабылдау тәртібі

36. Мемлекеттік мекемеге білім алушыларды қабылдау бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру мекемелеріне оқуға қабылдаудың туралы үлгілік Қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

37. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды мемлекеттік мекемеге оқуға қабылдау баланың ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің келісімімен психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қатысуымен қарастырылады.

38. Бұрын шетелдік мектептерде оқыған білім алушылар Қазақстан Республикасына келгеннен кейін Қазақстан Республикасының мектептерінде оқуын жалғастырады. Мектептердің әкімшіліктері жергілікті білім мекемелерімен бірлесіп олардың білім деңгейін айқындау жөнінде комиссиялар құрады, оның жұмыс қорытындысы бойынша оқушыны қазақстандық мектептің тиісті сыныбына қабылдау туралы шешім қабылданады.

39. Білім алушылар қатарына қабылдау мемлекеттік мекеме басшысының қолымен берілетін қабылдау қаулысының негізінде жүргізіледі.

7-тарау. Білім үдерісінің ұйымдастыру тәртібі (оның ішінде оқыту тәсілдері, тәрбиенушілермен оқушылардың оқу мерзімі)

40. Мемлекеттік мекемеде оқу үдерісі 1 қыркүйектен және 25 мамырға дейін жүзеге асады. Оқу жылы ішінде күзгі, қысқы, көктемгі каникулдар белгіленеді.

41. Оқушылар, педагогтар, оқушылардың ата-аналары немесе заңды өкілдері білім беру үдерісінің субъектілері болып табылады.

42. Мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін жасақтау тәртібі Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасымен реттеледі.

43. Штаттық саны Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен белгіленген мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарына сәйкес белгіленеді.

44. Білім алушыларды оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

45. Мемлекеттік мекеме білім беру процесін Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің Үлгілік оқу жоспарларына және Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрі бекіткен жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім берудің пәндер, таңдау курстары және факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.

46. Мемлекеттік мекеме үлгілік оқу жоспарларын, оның ішінде оқу процесін жүзеге асыратын қысқартылған оқу жүктемесі бар оқу жоспарларын дербес бекіте алады.

47. Мемлекеттік мекеме оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарлары МЖМБС-ға сәйкестігін қамтамасыз етеді.

48. Мемлекеттік мекеме үлгілік оқу жоспарының инвариантты және вариативті компоненттерінің сағаттарын мектептен тыс (мәдениет мекемелерінде, спорт ғимараттарында, әскери объектілерде, зерттеу зертханаларында, өнеркәсіптік кәсіпорындарда, табиғатта) өткізеді.

49. Мемлекеттік мекеме базистік оқу жоспарының вариативтік бөлігінің аяғына кіретін және мемлекеттік мекеменің ерекшелігін көрсететін оқу пәндері бойынша оқу жұмыс жоспары мен бағдарламаларын әзірлеуді дербес жүзеге асырады.

50. Мемлекеттік мекемедегі оқу процесі үлгілік оқу жоспары негізінде ұйымдастырылады, жылдық күнтізбелік оқу жұмыс кестесімен және сабақ кестесімен жүзеге асырылады.

51. Оқу аптасының ұзақтығы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.

52. Сабақтар екі ауысымда өткізіледі. Ауысымдар арасында ылғалды жинау және желдету үшін ұзақтығы кемінде 40 минут үзіліс көзделеді.

53. Сыныптарды білім алушылардың даярлық деңгейі мен даму дәрежесі бойынша жинақтауға жол берілмейді.

54. Мемлекеттік мекемедегі сабақ кестесін басшы не оны алмастыратын адам бекітеді.

Сабақ кестесінде оқу сабақтарының күнделікті саны, ұзақтығы және реттілігі белгіленеді. Сабақ кестесі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тамақтануы мен белсенді демалуы үшін жеткілікті ұзақтықтағы үзілісті көздейді.

55. Оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістердің ұзақтығы кемінде бес минутты, үлкен үзіліс (екінші немесе үшінші сабақтан кейін) – отыз минутты құрайды.

Бір үлкен үзілістің орнына екінші және төртінші сабақтан кейін әрқайсысы он бес минуттан екі үзіліс жасауға рұқсат етіледі.

56. Сабақтың ұзақтығы қырық минуттан аспайды.

57. Бірінші сыныптарда оқу жүктемесін біртіндеп арттыра отырып, оқу сабақтарының "сатылы" режимі қолданылады. Қыркүйек айында отыз бес минуттан үш сабақ, қазан айынан қырық минутқа дейін жоспарланған сабақтарға дене шынықтыру минуттарын және көзге арналған гимнастиканы кізісумен. Бірінші сынып оқушылары үшін жыл бойы қосымша демалыс аптасы белгіленеді. Бастауыш мектепте қосарланған сабақтарды өткізуге жол берілмейді.

58. Білім алушылардың оқу жүктемесі, сабақ кестесі МЖМБС, санитарлық ережелер, үлгілік оқу жоспарлары және білім беру саласындағы Денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсынымдары негізінде дайындалған мемлекеттік мекеме бекітетін ережелермен айқындалады.

59. Мемлекеттік мекемесі күніне ең жоғары оқу жүктемесін анықтауда, оқу кестесін ұйымдастыру нысандарын, құралдары мен әдістерін таңдауда өз алдына дербес болып істейді.

60. Мемлекеттік мекемеде қажет болған жағдайда мектепке дейінгі шағын орталықтар мен бір жылдық мектепалды сыныптар ашылады.

61. Мектепке дейінгі шағын орталықтар мен мектепалды сыныптардағы білім беру процесі мектеп жасына дейінгі балалар үшін ерекше қызмет түрлерін: жаттықтыру, құрастыру, бейнелеу, музыкалық, театрландырылған және басқа да іс-шараларды ескере отырып жүзеге асырылады, сондай-ақ балаға жеке көзқарасты қалыптастыру, балалардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, олардың әртүрлі кіші топтарымен жұмыс істеу мүмкіндігін көздейді.

62. Мемлекеттік мекемеде оқу-тәрбие процесі біріктірілген сыныптарда білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып оқытуға сәйкес қамтамасыз етеледі.

63. Мемлекеттік мекемеде жекелеген пәндер оқыту кезінде және сыныпта 10-дан астам білім алушы болған жағдайда кіші топтарға бөлуге жол беріледі.

64. 5 жастан 7 (8 жасқа) дейінгі балаларды жан-жақты дамыту, олардың ата-аналарын және (немесе) өзге де заңды өкілдерін консультациялық-әдістемелік көмек көрсету, балаларды әлеуметтік бейімдеу мақсатында мемлекеттік мекемеде болу шарты толық және толық емес ұзартылған топтар құрылуы мүмкін.

65. Ұзартылған күн тобында білім беру процесін ұйымдастыру мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің, тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандарттарына сәйкес балаларды дамытудың жалпы білім беру бағдарламасымен сәйкес келеді және регламенттеледі.

66. Жалпы білім беретін сыныптарда, бастауыш білім беру сыныптарында оқушылар саны Қазақстан Республикасы халқының санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес анықталады.

67. Мемлекеттік мекемеде ата-аналардың (заңды өкілдердің) мүдделерін ескере отырып, жалпы сыныпта (екі баладан артық емес) үлгілік оқу бағдарламасы, оның ішінде қысқартылған немесе жеке оқу бағдарламасы бойынша ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту жасалған.

68. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды мемлекеттік мекемеден арнайы білім беру ұйымына ауыстыру психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы мен ұсынымдары негізінде ата-аналарының (заңды өкілдерінің) келісімімен жүзеге асырылады.

69. Дәрігерлік-консультациялық комиссияның (ДКК) қорытындысы бойынша денсаулық жағдайы бойынша ұзақ уақыт бойы мемлекеттік мекемеге бармайтын оқушылар үшін үйде жеке тегін оқыту ұйымдастырылады.

70. Үйде оқыту кезінде психофизикалық мүмкіндіктеріне байланысты ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар жалпы білім беретін, қысқартылған немесе арнайы бағдарламалар бойынша білім алады.

71. Логопедтік көмекке мұқтаж балаларды уақтылы анықтау мақсатында балалардың ауызша және жазбаша сөйлеу бұзылыстарының алдын алу және емдеу, балаларды мектепке дайындау және оқушылардың білім беру

тарламаларын меңгеруіндегі қиындықтарды еңсеру, сөйлеу қабілеті бұзылған балаларды оқыту және дамыту бойынша педагогтар мен ата-аналарға және (немесе) балалардың өзге де заңды өкілдеріне консультациялық көмек көрсету мақсатында мемлекеттік мекеме логопедтік пункт ұйымдастыруға құқылы.

72. Жеке тұлғаның даму жағдайын бақылауды және оның мінез-құлқын бақылауды ұйымдастыру үшін мемлекеттік мекемеде тиісті жылға көзделген жалақы мөлшерінің есебінен және шегінде психологиялық-педагогикалық қызмет құрылады.

73. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың сапалы білім алуына жеткізуді қамтамасыз ету, инклюзивті білім беруді жүзеге асыру үшін коммуналдық мемлекеттік мекемеде тиісті жылға көзделген жалақы қоры есебінен және шегінде инклюзияны қолдау кабинеті (ИҚК) құрылады.

74. Мемлекеттік мекеме жазғы уақытта балаларды сауықтыру үшін жағдай жасайды (балалар күндіз болатын мектеп жанындағы лагерь жұмысы).

75. Мемлекеттік мекеме білім алушылардың қазақ тілін мемлекеттік тіл тілінде білуін, сондай-ақ білім берудің тиісті деңгейінің МЖМБС-на сәйкес орыс тілін және шет тілдерінің бірін үйренуін қамтамасыз етеді.

Оқыту орыс тілінде жүргізіледі.

76. Мемлекеттік мекемеде Қазақстан Республикасы халқының санитарлық-гигиенаологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес балалар мен жасөспірімдерді медициналық қамтамасыз ету ұйымдастырылады.

77. Мемлекеттік мекеме білім алушылардың бойында патриоттық тәрбиені, қалыптастырудағыларға толерантты қарым-қатынасты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, іскерлік қарым-қатынас дағдыларын, тамақтану мәдениетін қалыптастыруды, оның ішінде теңгерімді дұрыс тамақтануды және табиғи және өнімдерді тұтынуды насихаттау арқылы қамтамасыз етеді.

78. Мемлекеттік мекемеде ыстық тамақ, сондай-ақ буфет жүйесі бойынша тамақтану, білім алушылардың жекелеген санаттарын Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен тегін және жеңілдікпен тамақтандыру ұйымдастырылады.

79. Мемлекеттік мекемеде тиісті жағдайлар жасау үшін материалдық активтердің (оқу кабинеттерінің, жабдықтар мен жиһаздардың жарақтандыру нормаларына сәйкес, Интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен, компьютерлермен, оқу зертханаларымен, спорт залдарымен, медициналық кабинеттермен, асханамен) ғимараттардың: меншікті не жедел басқару немесе иемгерлік басқару құқығында тиесілі материалдық активтерді немесе санитарлық қағидаларға сәйкес ауданы бар оқу үй-жайлары бар материалдық активтерді жалға алу, сондай-ақ орта білім беру ұйымдарының үй-жайларында (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуын қамтамасыз етеді.

80. Мемлекеттік мекеме автоматтандырылған ақпарат алмасуды және білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен деректерді елестендіруді және ұлттық білім беру деректер базасында деректерді елестендіруді қамтамасыз етеді.

81. Мемлекеттік мекеме зайырлы және діни білім берудің бөлектілік сипатын сақтайды. Діни тәрбиенің кез келген түріне жол берілмейді.

82. Саяси партиялардың, қоғамдық-саяси және діни қозғалыстар мен ұйымдардың ұйымдық құрылымдарын құруға және олардың қызметіне жол берілмейді.

83. Оқытудың зайырлы сипатын іске асыру және мемлекеттік мекеменің білім алушылары арасындағы әлеуметтік, мүлкітік және өзге де өзгешеліктердің шегін жою мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар белгіленеді.

84. Мектеп формасы білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып белгітеледі. Мектеп формасының түсін, фасонын және юбка ұзындығын таңдауды мемлекеттік мекеме және қамқоршылық кеңес айқындайды, жалпы мектептік ата-аналар жиналысының хаттамасымен бекітіледі.

85. Міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар мемлекеттік мекеменің жерінде, ал танысу үшін мемлекеттік мекеменің Интернет-ресурсында орналастырылады.

86. Басшы ата-аналарды немесе өзге де заңды өкілдерді білім алушыны орта білім беру ұйымына қабылдау туралы өтініш берген кезде қол қойғызып және жалпы мектептік ата-аналар жиналысында міндетті мектеп формасына қойылатын талаптармен таныстырады.

87. Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған жағдайда, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, форс-мажорлық мән-жайлар туындаған жағдайларда, ата-аналар балаларды шектеу іс-шаралары алынып тасталғанға, төтенше жағдайдың, форс-мажорлық мән-жайлардың қолданысы тоқтатылғанға дейін коммуналдық мемлекеттік мекемеге балалар бара алатын іскерлік, ақпараттық стильдегі ыңғайлы киіммен қамтамасыз етеді.

88. Мемлекеттік мекемеде алқалық басқару органдары құрылады. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыс істейтін педагогикалық, қамқоршылық, әдістемелік кеңестер және педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымын алқалық басқару нысандары болып табылады.

8-тарау. Білім алушылардың білімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, оларды өткізу нысандары мен тәртібі

89. Білім алушылардың бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын меңгеруін бақылау мақсатында мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен белгіленген білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің Үлгілік қағидаларына сәйкес білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларға аралық және қорытынды аттестаттауды жүзеге асырады.

90. Мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаттарды қорытынды статистикадан өткен білім алушыларға беріледі.

9-тарау. Білім алушыларды мектептен шығарудың негіздері мен тәртібі

91. Білім алушылар құқыққа қайшы әрекеттер жасағаны үшін, мемлекеттік мекеменің Жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін басшының бұйрығымен мемлекеттік мекемеден шығарылады.

Құқыққа қайшы әрекеттер жасағаны, он алты жасқа толғанға дейін мемлекеттік мекеменің жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін ерекше жағдайларда мемлекеттік басқару органының шешімі бойынша жол беріледі.

92. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды шығару туралы шешім қорғаншылық және қамқоршылық органдарының шешімімен қабылданады.

93. Мемлекеттік мекемеден шығарылған кәмелетке толмаған балалардың жалпы орта білім алуы жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша ұйыстырылады.

94. Бастауыш, негізгі орта, орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын бір орта білім беру ұйымынан екіншісіне ауыстыру растайтын құжаттар тізбесінде мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығымен жүргізіледі.

95. Білім беру ұйымынан шыққан адам басқа білім беру ұйымына келгені туралы талон береді, онда оның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, оқу нысаны, мекенжайы көрсетілген мектеп көрсетіледі, одан кейін Тегі, Аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, оқу нысаны, мекенжайы көрсетілген мектеп немесе оның жеке ісі көрсетілген кету туралы есептен шығару талоны беріледі.

Кету туралы талоны білім беру ұйымына келуі және жеке ісін тапсыру тәртібі беріледі.

10-тарау. Ақылы қызмет көрсетудің тәртібі мен тізбесі

96. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге мемлекеттік мекеме бюджет қаражаты есебінен көрсететін білім беру қызметтері тегін көрсетіледі.

97. Мемлекеттік мекеме ақылы қызметтер көрсету туралы шарт жасай отырып, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан сәйкес төмендегідей тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) ақылы түрде беруге құқылы:

1) қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру (балалар мен жасөспірімдер шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы ірі жетістіктер мен мүдделерді дамыту, мамандардың біліктілігін арттыру);

2) оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша бөлінген оқу уақытынан тыс пәндер (пәндер және пәндер циклдері) бойынша жекелеген білім алушылармен сабақтар ұйымдастыру;

3) пәндер (пәндер және пәндер циклдері) бойынша білім алушылармен ғылым пәндерін тереңдетіп зерделеуді ұйымдастыру;

4) білім алушылар мен тәрбиеленушілер, педагогтар және ересек тұрғындар арасында әртүрлі: спорттық жарыстар, семинарлар, кеңестер, конференциялар, жаз-ақ оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеу және іске асыру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

5) музыкалық аспаптарды пайдалануға беру және Интернет-байланыстың арқылы қызметтерін ұсыну арқылы жүзеге асырылады;

6) жазғы демалысты ұйымдастыру, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің білім беру ұйымдарында өткізілетін түрлі іс-шараларға қатысушылардың қатынасуын қамтамасыз ету;

7) ғылыми зерттеулер жүргізу;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен рұқсат етілген өзге де тауарлар мен қызметтерді (қызметтерді).

96. Мемлекеттік мекеме дене шынықтыру-сауықтыру және спорт қызметтерін мүлкіктік жалдауға (жалға алуға) беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға құқылы.

97. Мүлкіктік жалдауға (жалға алуға) беруден алынған кірістерді мемлекеттік мекеме дербес пайдаланады.

98. Мемлекеттік білім беру мекемесінің ақылы негізде ұсынылатын қызметтерінің (жұмыстары мен көрсетілетін қызметтерінің) бағалары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілуге жатады.

99. Ақылы негізде қызмет көрсететін мемлекеттік мекеменің және білім алушының, оның ата-анасының және өзге де заңды өкілдерінің өзара қарым-қатынастары шартпен реттеледі.

100. Білім алушы шарт жасасу кезінде оқудың барлық кезеңі үшін қызметтерді бір мезгілде төлеген жағдайда төлем сомасы оқу мерзімі аяқталғанға дейін өзгеріссіз болып табылады.

101. Оқуға кезең-кезеңімен ақы төлеу кезінде жалақы өскен жағдайда және инфляция индексі ескеріле отырып, ақы төлеу сомасы жылына бір реттен асырмай өткізілуі мүмкін.

11-тарау. Білім алушылармен, олардың ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен қатынастарды ресімдеу тәртібі

102. Білім алушының, тәрбиеленушілердің және ата-аналардың немесе заңды өкілдердің өзара қарым-қатынастары Тараптардың құқықтары мен міндеттерін, оқу мерзімдерін айқындайтын шартпен реттеледі.

103. Білім беру қызметтерін көрсетуге арналған шарт мемлекеттік мекеменің басшысы мен тәрбиенушілер, білім алушылардың ата-аналары немесе заңды тұлғаларымен мемлекеттік мекемеге қабылдау кезінде білім алушылардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері арасында жасалады.

104. Білім алушы құқылы:

- 1) МЖМБС - ға сәйкес сапалы білім алуға;
- 2) білім беру ұйымы кеңесінің шешімі бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары шеңберінде жеке оқу жоспарлары, жасалған білім беру бағдарламалары бойынша оқытуға;
- 3) оқу жоспарларына сәйкес балама курстарды таңдауға;
- 4) қосымша білім беру қызметтерін, өзінің бейімділігі мен қажеттіліктеріне сәйкес білімді ақылы негізде алуға құқығы бар;
- 5) мемлекеттік мекемені басқаруға қатысу;
- 6) мемлекеттік мекемеде ақпараттық ресурстарды тегін пайдалану, құралдармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етуге;
- 7) спорт, оқу, акт залдарын, компьютер сыныптарын және кітапхананы тегін пайдалануға;
- 8) өз пікірін және сенімін еркін білдіруге;
- 9) өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;
- 10) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін термеленуге және сыйақы алуға құқылы.

105. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқу процесінен алаңдатуға жол берілмейді.

106. Білім алушылар міндетті:

- 1) МЖМБС талаптарына сәйкес білім, білік, практикалық дағдылар мен қызығушылықтарды меңгеруге, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, мемлекеттік мекеменің жарғысында және білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген басқа талаптарды орындауға міндетті;
- 2) өз денсаулығына қамқорлық жасауға, рухани және физикалық тұрғыдан өзі-өзі жетілдіруге ұмтылуға тиіс;
- 3) міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға;
- 4) педагогтің ар-намысы мен қадір-қасиетін, олар білім алып жатқан оқу орнының дәстүрлерін құрметтеуге міндетті.

107. Білім алушылар өз міндеттерін бұзғаны үшін оларға ішкі тәртіп ережелерінде және мемлекеттік мекеменің Жарғысында көзделген тәртіптік жапал ету шаралары не білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген жазаға де шаралар қолданылуы мүмкін.

108. Педагог өз қызметін атқару кезінде құқылы:

- 1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын сақтау шартымен кәсіптік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен жолдарын еркін таңдауға;

- 2) лауазымды адамдар мен басқа да адамдар тарапынан заңсыз араласудан қорғауға;
- 3) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге заңды өкілдері тарапынан мамандыққа құрметпен қарауға;
- 4) кәсіптік қызметті жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету және қажетті жағдайлар жасалуына;
- 5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыру, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;
- 6) шығармашылық бастаманы, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуді және қолдануды, оқыту мен тәрбиелеудің неғұрлым жетілдірілген әдістерін қолдануға;
- 7) білім беру бағдарламасына сәйкес оқу құралдарын, оқу материалдары мен оқыту мен тәрбиелеудің өзге де құралдарын таңдауға;
- 8) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, әдістемелік материалдарды және білім беру қызметінің өзге де компоненттерін, сондай-ақ ұжымдарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;
- 9) жұмыс орны бойынша сайлану және сайланбалы лауазымға орналасу
- 10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру қызметінің қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;
- 11) мемлекеттік мекеменің алқалы басқару органдарының жұмысына қатысуына;
- 12) бес жылда кемінде бір рет біліктілігін арттыруға;
- 13) үздіксіз кәсіптік дамыту және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;
- 14) біліктілік санатына мерзімінен бұрын беруге;
- 15) кәсіби қызметіндегі жетістіктері үшін көтермелеуге;
- 16) мемлекеттік мекеме басшысының өзіне қатысты қабылдаған актілеріне, шешімдері мен шешімдеріне жоғары тұрған лауазымды тұлғаларға немесе сотқа шағым жасауға;
- 17) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге заңды өкілдері тарапынан педагогтың ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға;
- 18) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтар атқаруға.

109. Педагогтың құқықтарын жүзеге асыру басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға тиіс.

110. Педагог міндетті:

- 1) өз қызметінде тиісті кәсіби құзыреттерді меңгеруге;
- 2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық қағидаттарын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру заңдарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге;
- 3) өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде кемінде бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттыруға (растауға);
- 4) педагогикалық әдепті сақтауға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімдік медициналық қарап-тексеруден өтуге міндетті;

6) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-аналарының несе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

7) балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, міндеттеріне, ата-аналарына, үлкендеріне, отбасылық, тарихи және мәдени мұрасына, мемлекеттік рәміздерге құрмет, жоғары адамгершілік, патриотизм, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, қызығушылықтарын, дербестігін, шығармашылық қабілеттерін дамыту және саламатты өмір сүртіп, мәдениетін қалыптастыруға;

9) өмірлік қиын жағдайда жүрген баланы анықтау фактілері туралы білім беру ұйымының басшылығына дереу хабарлауға;

10) құқық қорғау органдарына және білім беру ұйымының басшылығына заңсыздық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар, оның ішінде білім беру мекемесінен тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған заңсыздықтарды (әрекетсіздікті) кәмелетке толмағандардың жасау немесе оларға қатысты жасалу фактілері туралы дереу хабарлауға;

11) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу шарттары бойынша ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге кеңес беруге міндетті.

111. Педагог білім беру үдерісін саяси үгіттеуге, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де нанымдарды қабылдауға не олардан қорқаруға мәжбүрлеуге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни алауыздықты қалыптастыруға, азаматтардың әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік еркіндігі, олардың дінге көзқарасы белгісі бойынша айрықшалығын, қызығушылығын не кемдігін насихаттайтын үгіттеу, оның ішінде білім алушыларға Қазақстан Республикасының ұлттары мен халықтарының тарихи, ұлттық, діни және мәдени дәстүрлері туралы анық емес мәліметтер хабарлауға, сондай-ақ тәрбиеленушілер мен білім алушыларды Қазақстан Республикасының конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелеуге құқығы жоқ.

12-тарау. Мемлекеттік мекеменің мүлкін құру тәртібі

112. Мемлекеттік мекеменің мүлкін заңды тұлғаның активтері құрайды, оның құны оның теңгерімінде көрсетіледі. Мемлекеттік мекеменің мүлкі келесі шарттармен қалыптастырылады:

- 1) меншік иесі берген мүлктен;
- 2) өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де есеп есебінен қалыптастырылады.

113. Мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және оған смета бойынша алынған қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

114. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында мемлекеттік мекемеге берілетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес білім беру салаларындағы мемлекеттік мекемелер өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) олардан түсетін ақшаны қоспағанда, осындай қызметтен алынған ақша тиісті қызметке есептелуге жатады.

115. Мемлекеттік мекеменің қызметі жергілікті, республикалық бюджеттен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де деректен қаржыландырылады.

116. Мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес материалдық есеп жүргізеді және есептілік ұсынады.

117. Мемлекеттік мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін тексеруді және тексеруді жергілікті атқарушы орган және өзге де мемлекеттік органдар өз қызметіне және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

13-тарау. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі

118. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің заңдарымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының заңдарына қайшы келмеуі тиіс.

119. Мемлекеттік мекеменің әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

14-тарау . Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу тәртібі

120. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүргізіледі және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аумақтық әділет заңдарында мемлекеттік тіркеу рәсімінен өтеді.

15-тарау. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

121. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік заңды актілерінде көзделген басқа да негіздер бойынша таратылады.

122. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

123. Таратылған мемлекеттік заңды тұлғаның кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган қайта бөледі.

124. Таратылған мемлекеттік мекеменің ақшасы, осы заңды тұлғаның мүлкін қанағаттандыру нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақша тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

16-тарау. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

125. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

Басшы

Макушева Д. М.
Т.А.Ә. (бар болса)

Макушев
қолы

Утвержден
постановлением акимата
от 5 января 2021 года
№ 22

Устав
коммунального государственного учреждения
«Общеобразовательная школа № 17 отдела образования города Рудного»
Управления образования акимата Костанайской области

Глава 1. Общие положения

1. Коммунальное государственное учреждение «Общеобразовательная школа № 17 отдела образования города Рудного» Управления образования акимата Костанайской области (далее – государственное учреждение) является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, созданной в организационно-правовой форме учреждения для осуществления функций.
2. Вид государственного учреждения: коммунальное.
3. Государственное учреждение переименовано постановлением акимата Костанайской области от 5 января 2021 года № 22 «О переименовании государственных учреждений образования города Рудного».
4. Учредителем государственного учреждения является акимат Костанайской области.
5. Органом, осуществляющим по отношению к государственному учреждению функции субъекта права в отношении имущества государственного учреждения, является акимат Костанайской области (далее – местный исполнительный орган).
6. Наименование государственного учреждения: коммунальное государственное учреждение «Общеобразовательная школа № 17 отдела образования города Рудного» Управления образования акимата Костанайской области.
7. Место нахождения государственного учреждения: Республика Казахстан, 111500, Костанайская область, город Рудный, улица Парковая, строение 104.

Глава 2. Юридический статус государственного учреждения

8. Государственное учреждение имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством Республики Казахстан, бланки,

печати с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием государственного учреждения.

